

Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 338 "Сайрам ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 мамырдағы № 201 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 мамырда № 4111 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8 тармағына сәйкес Сайрам ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Сайрам ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 338 "Сайрам ауданында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 3847 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 қыркүйектегі "Мәртебе" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Сайрам ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Сайрам ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Олжаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

С.Сапарбаев